



## **Халықаралық байқаудың жеңімпазы атанды**

Пушкин атындағы облыстық кітапхана Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Фариза Оңғарсынованың шығармашылығына арналған халықаралық блогтар байқауында «Үздік тақырыптық блог» аталымы бойынша екінші орынды иеленді.

Байқаудың мақсаты – Фариза Оңғарсынова шығармашылығын оқырмандарға кеңінен таныстыру, олардың поэзияға құмарлығын ояту, оқырмандармен жұмыстың жаңа түрлерін анықтау мен іздеуде кітапхана мамандарының шығармашылық қызметін һәм кітапханалық блогерлік саласында кітапханашылардың медиасауаттылығын арттыру.

«Бір ел – бір кітап-2013» акциясы аясында өткен бұл байқауға еліміздің барлық өңірлерінен 18 кітапхана мен Ресейдің Тюмень облысындағы Ишим қаласының орталықтандырылған кітапханалық жүйесі қатысқанды.

Байқау қорытындысында арнайы сертификатпен марапатталған кітапхана ұжымына автордың қолтаңбасы жазылған «Ғашық жүрек» атты кітап және BookReader сыйға тартылды.